

является расширение источников получения валюты и прежде всего расширение экспортной базы. При этом важнейшее значение имеет недопущение вывоза или оставления валюты, получаемой экспортерами, на счетах в зарубежных банках. А каналов трансграничной «утечки» капитала достаточно много. И, наконец, необходимо максимальное сокращение затрат валюты на неэффективный импорт. Несмотря на то, что специфика Казахстана состоит в том, что он обладает чертами как развитой страны (всеобщая грамотность населения, широкая сеть научно-исследовательских учреждений, космические исследования), так и развивающейся (сырьевая направленность экономики, экологическая загрязненность многих регионов, потребность в иностранных инвестициях и импорте новых технологий, отставание инфраструктуры), у Казахстана позитивные прогнозы на перспективу: ожидается сильнейшее увеличение объемов экспорта и положительное сальдо платежного баланса, рост объемов ВВП, снижение уровня безработицы, конвертируемость национальной валюты. Составленный прогноз дальнейшего развития денежно-кредитного и валютного секторов Казахстана наглядно свидетельствует о намерении всех ведущих государственных финансовых и валютных органов проводить политику укрепления позиций нашего государства на мировом финансовом и валютном рынке и провести процесс интегрирования Казахстана в мировую экономику. Подводя итоги проделанной проектной работы, было выявлено, что валютная проблема в Казахстане является актуальной темой, поскольку она влияет на все сферы жизни народа Казахстана.

Список литературы:

1. Моисеев, С.Р. «Денежно-кредитная политика: Теория и практика», 2011; с.42
2. Закон Республики Казахстан от 13 июня 2005 года № 57» О валютном регулировании и валютном контроле» с.1
3. Сорокин, А.Д «Валютное регулирование и валютный контроль в системе государственного управления экономикой», 2011; с.8
4. Моисеев, С.Р. «Денежно-кредитная политика: Теория и практика», 2011; с. 324.
5. Сорокин, А.Д «Валютное регулирование и валютный контроль в системе государственного управления экономикой», 2011; с. 5
6. Там же.С.4,».

«ҮШТҰҒЫРЛЫ ТІЛ САЯСАТЫ»

Садвокасов Ш.А, магистрант

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.д, профессор Жумашев Р.М

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Биылғы жылы Қазақстанның Тәуелсіздігінің алғанына 25 жыл толуда. Осы жылдар ішінде Еліміз экономикалық, мәдени және саяси бағытта үлкен жетістіктерге жетті. Сөз жоқ, осылардың ішінде саяси бағыт, оның ішінде тіл саясаты бағыты ерекше орын алады, себебі халықтың тәуелсіздігінің ең басты белгісі – ана тілі.

Қазіргі кездегі ұстанып жатқан тіл саясатының негізгі бағыттары 1989 жылы қыркүйектің 22-сі күні «Қазақстан Республикасында тілдер туралы» Заң қабылдануынан бастау алады. Бұл заң жобасын біз 1997 жылға дейін қолданып келдік.

1997 жылы 11 шілдеде «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңы қабылданды. Бұл заң бойынша қазақ тілі мемлекеттік мәртебесіне ие болды. Бұл заң жобасын біз әлі де болса қолданып келеміз. Тек жылдан – жылға Президенттің жолдауларымен ғана өзгерістер енгізілуде.

Бұл заң жобасынан кейін 1998-2000 жылдар аралығында қолданыста болған «Тілдерді қолдану мен дамытудың 1998-2000 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» қабылданды. 2001 жылы «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» қабылданды. Алайда, бұл заңдар мен мемлекеттік

бағдарламаларда мемлекеттік тіл – қазақ тілі мен ұлтаралық қатынас тілі – орыс тілі туралы көп айтылса, ағылшын тілі туралы мүлдем айтылмайды. Яғни сол кезден бастап-ақ мектептерде, ЖОО – да ағылшын тілін оқып жүргеніне қарамастан, ағылшын тілінің статусы әлі де болса бағдарламаларда қарастырылмағанын көріп отырмыз. Бұдан біз бағдарламаларда «Үштұғырлы» тіл саясаттың қарастырылмағанын көруге болады.

Аталған мәселе ең алғаш, 2006 ж. қазан айында Қазақстан халқы Ассамблеясының 12-ші сессиясында көтерілді. 2007 ж. 28 ақпанында Елбасы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Жолдауында «Тілдердің үштұғырлығы» арнайы жобасын кезеңдеп іске асыруды қолға алуды ұсынды. Бұл тапсырмалар Жолдаудың «Қазақстан халықтарының рухани дамуы және үштұғырлы тіл саясаты» атты 26-бағыты «Қазақстан халықтарының рухани дамуы және үштұғырлы тіл саясаты» бөлімінде көрсетілді. Ол бойынша Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев: «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасын кезеңдеп іске асыруды қолға алуды ұсынамын. Қазақстан бүкіл әлемде халқы үш тілді пайдаланатын жоғары білімді ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі» [1] – деп мәлімдеген болатын. Елбасының бұл бастамасының терең философиялық астары бар. Мұны қай жағынан алып қарасақ та, қазақ тілін ұлықтаумен қатар, үштілділік-көптілділік арқылы алдыңғы қатарлы әлемдік дамыған елдердің санатына енуге жетелейді.

Осыдан кейін Елбасымыздың бұл ұсынған бағыты 2007 жылдан бергі қабылданып келе жатқан тіл саясатына байланысты қабылданған әрбір маңызды құжат пен бағдарламаларда көрініс тауып келе жатыр. Осылардың қатарында: Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің «2010 - 2014 жылдарға арналған стратегиялық жоспары», Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы», «Қазақстан -2050» стратегиялық бағдарламасы мен Елбасының жолдаулары бар. Бұлардв қазақ тіліне байланысты мәселе, орыс тілі мен ағылшын тіліне байланысты мәселелер жеке қарастырылған. Алайда олардың үйлесімділігі мен үштілді қатар білу мәселесі алға қойылды.

Осылардың ішінде қазақ тіліне тоқталатын болсақ. Қазіргі кезде Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы жұмыс істейді. Мемлекеттік тілді үйрету орталықтарының өңірлік желісі жоспарлы түрде кеңейтілуде: 2005 жылы - 8, 2006 жылы - 11, 2007 жылы - 36, 2008 жылы - 93, 2009 жылы - 101 орталық жұмыс істеді. Қазіргі кезде олардың саны екі есе артты [2].

2010 жылы тіл мәселесі қарастырылған Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің «2010 - 2014 жылдарға арналған стратегиялық жоспары» мен ҚР Президентінің 2011жыл 29-маусым №110 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» қабылданды.

Мемлекеттік тілдің әлеуметтік-коммуникативтік қызметін кеңейту мен нығайту мақсатында қол жеткізу өз кезегінде мына міндеттерді шешуді талап етеді:

- мемлекеттік тілдің мемлекеттік басқару тілі ретінде қолданылуын қамтамасыз ету;
- нормативтік құқықтық базаны жетілдіру;
- мемлекеттік қызметкерлердің мемлекеттік тілді қызметтік міндеттерін орындауға қажетті деңгейде меңгеру үшін шаралар қолдану;
- мемлекеттік органдар жүйесінде мемлекеттік тілдің іскерлік қарым-қатынастың негізгі тілі ретінде қолданылуын қамтамасыз ету;
- мемлекеттік органдарда актілерді әзірлеу мен қабылдауда негізгі тіл ретінде мемлекеттік тілдің қолданылуын қамтамасыз ету;
- сот ісін жүргізуді, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы іс жүргізуді заңнамаларға сәйкес қамтамасыз ету;
- халықаралық қызметте мемлекеттік тілдің қолданылуын қамтамасыз ету [3]. Қазақстан Республикасы азаматтарының мемлекеттік тілді меңгеруі үшін жағдай жасау:

«Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» да жүзеге асуда. Негізгі іске асыру үш кезеңнен тұрады: бірінші кезең: 2011-2013 жж.; екінші кезең: 2014-2016 жж.; үшінші кезең: 2017-2020жж[4].

Бағдарламадағы болжам бойынша 2017 жылға қарай-80%, 2020 жылға қарай-95%құрамақ:

- мемлекеттік тілді орташа деңгейінде меңгерген мектеп түлектерінің үлесін (2017жылға қарай 70%,2020ж.қ.-100%)
- мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарындағы қазақ тіліндегі контенттің үлесін (2014ж - 53%, 2017 - 60%, 2020ж - 70%)
- қоғамдық қолжетімділік пенашықтық қағидаттарының сақталуына қарай қанағаттанушылық дәрежесін (2014ж-60%, 2017ж.-75%, 2020ж.-90%)
- қазақ тілінің реттелген терминологиялық қорының үлесін (2014ж-20%, 2017ж.-60%, 2020ж.-90%)[3].

«Қазақ тілі, біздің мемлекеттік тіліміз өсіп-өркендеп келеді. 2020 жылға қарай мемлекеттік тілді меңгергендердің қатары 95 процентке дейін жететін болады.Еліміздегі барлық мектептер мен оқу орындарында қазақ тілінде оқыту үрдісі жүріп жатыр».

Орыс тіліне және ағылшын тіліне қатысты мәселе:

- республикадағы орыс тілін меңгерген ересек тұрғындардың үлесін (2020 ж.қарай-90%)
- ұлттық мәдени бірлестіктер жанындағы ана тілдерін оқытатын курстармен қамтылған этностардың үлесін (2014ж.-60%,2017ж.-80%, 2020ж.-90%)
- республикада ағылшын тілін меңгерген тұрғындардың үлесін (2014ж.-10%, 2017ж.-15%,2020ж.-20%)
- үш тілді (мемлекеттік, орыс және ағылшын) меңгерген тұрғындар үлесін (2014ж.-10%, 2017ж.-12%, 2020ж.-15%-ға дейін)ұлғайту[3].

Күтілетін нәтижелер:

- мемлекеттік білім беру тапсырысы шеңберінде оқытылатын қазақ тілі пәні оқытушыларының саны (жыл сайын 500 адамнан кем емес)
- онлайн режимі арқылы қашықтан қол жеткізу мүмкіндігін пайдалана отырып ұйымдастырылған мемлекеттік тілді оқыту орталықтары оқытушылары біліктілігін арттыруға бағытталған іс-шаралардың үлесі (2014 жылға қарай -20%, 2017жыл-50%,2020жыл-90%)
- аккредиттеуден өткен Мемлекеттік тілді оқыту орталықтарының үлесі (2014 -30%,2017-70%,2020-100%)
- қазақ тілін оқытатын орталықтарда оқитындыр саны 2009 жылмен салыстырғанда 2014ж.-кемінде 30%,2017-70%,2020-100%
- мемлекеттік тілді білудің «Қазтест» бағдарламасы бойынша ҚР азаматтарының қазақ тілін білу деңгейін бағалау жүйесі бойынша сертификат алған мемлекеттік қызметшілердің үлесі (2017 жылға қарай кемінде 50%, 2020 жылға қарай-100%)
- мемлекеттік тілді көпшіліктің кеңінен қолдануына бағытталған мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың үлесі жыл сайын кемінде 10 пайыз;
- мемлекеттік БАҚ эфиріндегі мемлекеттік тілдегі жаңа телевизиялық жобалар санының өсуі жыл сайын 10 пайыз;
- көрнекі ақпараттың пайдаланылуын бақылаудың өңірлерді қамту дәрежесі (2014ж-30%, 2017-50%,2020-100%);
- орталықтардың жалпы санына шаққанда ағылшын және басқа шет тілдерін үйрету мақсатымен қызметін ұсынатын мемлекеттік тіл оқыту орталықтарының үлесі (2014ж-50%, 2017ж.-75%,2020-100%) [4];

Бұл статистикалық болжамдарды қарай отырып, біз Қазақстан Республикасының негізгі тіл саясатының бағыты – «Үштілділік» бағытына көшкенін көріп отырмыз. Шет елдерден алынған тәжірибелер мен отандық идеяны сабақтастыра жасалған бағдарламаның арқасында бұл бағдарлама жоғары дәрежеде жүзеге асып келеді.

Тілдердің үштұғырлығы саясатының астарында ел азаматтарының қазақ тілін меңгеру міндеті жатыр. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев бірнеше рет атап өткендей, мемлекеттік тілді меңгеру Қазақстанның әрбір азаматының міндеті мен парызы болуы керек. Қазірдің өзінде еліміздегі оқушылардың 60 пайыздан астамы мемлекеттік тілде оқиды. Мемлекеттік тіл барлық мектептерде оқытылады. Бұл – егер бала биыл мектепке барса, енді он-он екі жылдан соң жаппай қазақша білетін қазақстандықтардың жаңа ұрпағы қалыптасады деген сөз. Нәтижесінде, ҚР 2020 жылға дейін тілдерді дамытудың мемлекеттік бағдарламасының басты міндеттері шешіледі [5].

Қазақстанның тіл саясатында қазақ тілінен бөлек, орыс тіліне ерекше назар аударылған. Ол қазіргі заманда кең таралған әрі әлемдік тілдердің қатарында. Ол қазақ ұлтының дамуы мен Қазақстанның ішкі және сыртқы қарым-қатынастарында маңызды рөл атқарды. Ал, үшінші маңызды элемент, дүние жүзі бойынша алдыңғы қатарда тұрған – ағылшын тілі. Ағылшын тілі қазақстандықтар үшін әлем мен жаһандауға жол ашады. Бүгінгі таңда, ағылшын тілін меңгеру қазақстандық қоғам үшін игі қадам және кәсіби өсуге де қосымша жол ашатын маңызды ресурс болып табылады.

Біздің ойымызша, қазіргі кезде жүзеге асырылып жатқан «Үштұғырлы тіл» саясаты Қазақстанның ұтымды саясаттарының бірі. Осы саясат арқылы біздің еліміз өз тілін сақтап қана қоймай, жаһандану процесінде де белсенді араласады.

Әдебиеттер тізімі:

1. «Үштұғырлы тіл» саясаты / Қазақстан -2050 стратегиясы, 26-бағыт
2. «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» /Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 7 ақпандағы № 550 Жарлығымен бекітілген бағдарлама
3. Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің «2010-2014 жылдарға арналған стратегиялық жоспары» /2010 жыл
4. «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған» мемлекеттік бағдарламасы /ҚР Президентінің 2011жыл 29-маусым №110 Жарлығымен бекітілген бағдарлама
5. «БОЛАШАҚТЫҢ ІРГЕСІН БІРГЕ ҚАЛАЙМЫЗ!» /2011 жылғы 28 қаңтардағы Елбасы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы

РОЛЬ ПЕРВОГО ПРЕЗИДЕНТА КАЗАХСТАНА Н.А. НАЗАРБАЕВА В СТАНОВЛЕНИИ И РАЗВИТИИ ВНЕШНЕЙ ПОЛИТИКИ СТРАНЫ

Смагулов С.Б., группа ДИЗ-12

Научный руководитель: м.г.н. Утебаева А.Д

Карагандинский государственный университет имени Е.А.Букетова

С распадом СССР и возникновением новых независимых государств в глобальной системе международных отношений произошли глубокие изменения. Шло формирование международной системы, основанной на фундаментальной идеологической, социальной и экономической трансформации мира. Перед молодым независимым государством Казахстан стояла задача создания благоприятных условий для суверенного существования, сохранения стабильности, осуществления необходимых социально-экономических преобразований для улучшения жизни населения страны, поиска оптимального места Казахстана в международном сообществе, достижения международного авторитета и уважения к стране, со стороны других государств и народов мира. Интенсивность и глубина данных непростых задач, их направленность во-многом определяют характер и жизнеспособность любого человеческого общества. Весь накопленный за годы независимости исторический опыт становления Республики Казахстан свидетельствует о глубине и значимости поставленных масштабных целей, где тесно переплетаются реализм и прагматизм, последовательность и